



A

Q

I

Q

A

T

## ТАРИХ – ЖАДЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Бұлай демеске амал жоқ. Өйткені, қандай да бір мәселе, нендей де жағдай болсын, оның негізгі қозғаушы күші немесе қайнар көзі болады. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ана бір уақытта «Фокус» газетінде жарық көрген оралдық Маргарита Романова және өскемендік Ольга Венецкаяның «История – не причина для памяти?» – деген мақаласындағы біржақтылық ерекше көңіл аудартады. Адамның жадының өзі, ең бірінші, тарихтан тұрады. Тарих деген – өткеніңді саралау, оның қадір-қасиетін білу, сөйтіп ұлттық сана-сезім қалыптастыру. Сондықтан, тарихсыз жады, жадысыз тарих жоқ. Дағыстандық атақты ақын Расул Гамзатовша айтқанда, «өткеніңді тапаншамен атсаң, келешегің саған зеңбірекпен жауап береді» деген сөзінің түп-төркіні де сонда. Егер, біз, өткенімізді сыйлап, одан сабақ алмасақ, болашағымызға нық сеніммен кіре алмаймыз. «Фокус» газетінде жарияланған өскемендік және оралдық екі журналистің бірлесе жазған мақаласындағы кемшіліктің орын алу тұсы да сонда. Мақалаға тақырып жауапсыз қойылған. Бір қызығы, аталған екі журналист өздері мақаласына қойып отырған тақырыпта, оның ішінде беріп отырған оқырман хаты арқылы қарама-қайшылыққа ұрынады. Журналистер «История – не причина для памяти?» десе, көше аттарын өзгертуге қарсы сайт арқылы шыққан петропавлдық бір адам: «Основной аргумент против переименования – это не конкретные имена улиц, а, сам факт переименования. Имена улицам давали поколения, которые строили их. Последующие поколения не имеют никакого морального права изменять названия. Это касается и коммунистов в 20-е годы, и наших современников в маслихате. Менять имена улиц – это проявление неуважения к нашим предкам. Многими горожанами это воспринимается как оскорбление памяти прошлых поколений» дейді. Осы бір сөздерді оқып отырып, аталған журналистер өздерінің тарихтың жадыға қаншалықты байланысты екендігін сезінді ме екен деп шіміркенесің. Егер, жоғарыдағы сөзді жазғандардың жады болмаса, онда олар осынау жалынды тіркестерді айтпаған да, жазбаған да болар еді. Біздің «Тарих – жадының қайнар көзі» деуіміздің сыры да сонда. Сондықтан да, өзін білікті де, білімді санайтын кез келген азамат жалпы тарих пен адам жадына деген көзқарасқа келгенде «История – не причина для памяти?» демеуге тиіс. Ондай жағдай бола қалса, оны қазақ тілінде айтқанда, «тексіздік» десе, ал, орыс тілінде «кощунство» дейді. Ал, енді жоғарыда тілге алған «Имена улицам давали поколения, которые строили их. Последующие поколения не имеют никакого морального права изменять названия. Это касается и коммунистов в 20-е годы, и наших современников в маслихате. Менять имена улиц – это проявление неуважения к нашим предкам» деген сөзге келетін болсақ, шындығында өте дұрыс айтылған, орынды да орнықты пікір-тұжырым екендігіне дау жоқ. Бірақ, осы сөздерді жазып отырған азамат қазақ

даласы немесе қазақ қалаларының бұрынғы Кеңестер Одағын былай қойғанда, патшалық Ресей отарлауы басталғанға дейінгі уақыт аралығында қазақша атаулары болғанын неге елеп-ескермейді? Шынында да, патшалық Ресей отарлаушылары қазақтың өзі қойған қала, дала аттарын неге өзгертті? КСРО-ше? Ол да қала атауларын өзгертуге келгенде алдына жан салған жоқ. Мен бұл жерде Ақмола өңірінің Целиноград болып, Петропавловскінің бұрынғы Қызылжар деген тарихи қазақша атауы ауыстырылғандығын мысалға келтіру арқылы, өзге де қазақ даласы мен қаласы, жер-су аттарының қаншалықты «түлегенін» тілге тиек етпей-ақ қояйын. Онда мәселе, тіпті, күрделене түседі. Сонда, менің пенде ойым «Әлгі көше, қала, жер-су аттарын өзгертуге «Последующие поколения не имеют никакого морального право» деушілер бұрынғы қазақы атаулары өзгерген дала, қала, жер-су аттарын қайтарып жатса, жаңартып, жаңғыртып жатса не себептен қарсылық көрсетеді» дейді-ау. Шын мәнінде, олар айтып отырған «моральный право» патшалық Ресейге де, КСРО-ға да, жалпы қазақтың жер-су, дала, қала аттарын өзгерткен азаматтарға да бірдей болуы керек емес пе? Неге енді патшалық Ресейден бастап, КСРО-ға дейінгі аралықтағы өзгерістерге «моральный правомен» қарамаймыз да, ал, енді келіп, қазақша атаулары қайтарылып жатқан жағдайларға «моральный право» деп қарайтын болып қалдық. Бұл біржақтылық емес пе? Әрине, солай. Сондықтан да, қазақ даласы мен қаласының, жер-су аттарының бұрынғы атаулары қайтарылып жатса, оған ешқандай қарсылық көрсетілуі тиіс емес. Сыйластық екі жаққа бірдей. Ал, ондай атаулар мен аттар Оралда да, Өскеменде де – шаш-етектен. Бір ғана мысал, сол Орал өзенінің аты бұрын – Жайық болған. Енді, оны өзгертіп, өз атауын қайтар десек, не ерсілік бар? Сол кезде патшалық Ресейдің Жайық атын өзгертуге «моральный правосы» болды ма? Немесе, Петропавл қаласының бұрынғы атын жойып жіберуге кімнің «моральный правосы» болды? Енді келіп, барлығы «моральный право» айтқыш болып қалыпты. Содан соң, «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігі мен ақсақалдар алқасы жергілікті басшыларға қаладағы кейбір көше аттарын Ұлы жеңістің 65 жылдығына байланысты өзгертуді ұсынып жатса, оның несі ерсілік? Егер де, Өскемендегі көше аттарын өзгертуге жергілікті белсенді топтар оң ниет білдірсе, онда оны қолдау керек! Мысалы, Маргарита Романова мен Ольга Венецкая ханым мақаласында «В связи с 65-летием Победы в Великой Отечественной войне и 20-летием независимости Республики Казахстан предложено переименовать улицу Виноградова в улицу имени Рахымжана Кошкарбаева, Ворошилова – Шакарима Кудайбердиева, Дзержинского – Алихана Бокейханова, Орджоникидзе – Динмухамеда Кунаева» деп жазады. Біз тап осыдан ешқандай да терістік көріп отырған жоқпыз. Егер де, Ресейдің өзінде Дзержинский ескерткішін алып тастап, үлкен қалаларының аттарын қайта қалпына келтіріп, ізгілік көрсетіп отырса, онда не ерсілік бар? «Дзержинскийді – Әлихан Бөкейханов, Орджоникидзені – Дінмұхамед Қонаев, Ворошиловты – Шәкәрім

Құдайбердиев дегенде кім ұтып, кім ұтылады?» деуге саятын әңгіме айтудың өзі жоғарыдағы біз тілге тиек еткен моральдық құқыққа қарсы емес пе? Тіпті, Дзержинский мен Әлихан Бөкейхановты салыстырудың өзі ұят. Әлихан Бөкейханов ұлт көсемдерінің бірі, оның қасында Дзержинский кім? Кешегі Ұлы Отан соғысында Рейгстахқа бірінші ту тіккен Рахымжан Қошқарбаевпен Виноградовты салыстыруға бола ма? Әрине, болмайды. Қошқарбаев – батыр, тұлға. Біздіңше, Маргарита Романова мен Ольга Венецкая өздері көтеріп отырған мәселеге, тарих пен жады байланысын терең, әрі келелі де көшелі зерделеп барып, «История – не причина для памяти?» десе, көп қателесе қоймаған болар еді. Сондықтан да, орыс тілді журналист ағайындар қандай да тақырыпты алға тартсын, мемлекеттік мүдде, ел-жер тағдырын терең де, білікті білуі арқылы жазса, жоғарыдағы айтқандай қателіктерге бармаған болар еді. Өкінішке қарай, орыстілді журналистер мұндай мәселелерге келгенде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, күні бүгінге дейін бір жақтылықтан әлі арыла алмай-ақ келеді. Әдебиет қаншалықты ардың ісі болса, журналистика да соншалықты ардың іс-әрекеті. Осыны ұмытпаған жөн.

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ